2024-2025 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттау бойынша

« Оқу жылының аяқталуы және
білім алушыларды сыныптан сыныпқа көшіру» туралы

2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты және білім алушыларды сыныптан сыныпқа көшіру негізінде (педагогикалық кеңес шешімі №7. 23.05.2025ж.)

1.2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты 1-4 сыныптың білім алушылары сыныптан сыныпқа көшірілді:
1-сыныптың 112 білім алушысы 2-сыныпқа
2- сыныптың 91 білім алушысы 3-сыныпқа
3- сыныптың 87білім алушысы 4-сыныпқа
4- сыныптың 81 білім алушысы 5-сыныпқа
Барлығы 371 білім алушы сыныптан сыныпқа көшірілді.

2. 2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты 5-8,10 сыныптың білім алушылары сыныптан сыныпқа көшірілді:
5 -сынып - 75 білім алушы
6 -сынып - 77 білім алушы
7 -сынып - 78 білім алушы
8 -сынып - 90 білім алушы
10 - сынып- 47 білім алушы

Барлығы 367 білім алушы сыныптан сыныпқа көшірілді.

2024-2025 оқу жылында мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша жылдық, қорытынды бағалары «үздік» 120 білім алушы педагогикалық кеңесінің шешімі(№ 7 23.05.2025ж/1-4 кл/,№8 28.05.2025ж) негізінде мақтау қағазымен марапатталды.

3.Негізгі мектептің оқу бағдарламасын меңгерген 9-сыныптың 67 білім алушысы қорытынды бітіру емтиханға жіберілді
4.11-сыныптың оқу бағдарламасын меңгерген 45 білім алушысы мемлекеттік бітіру емтиханына жіберілді./ 4 білім алушы емтиханнан босатылды/денсаулығына байланысты/

«2024-2025 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілді:

Жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы 2025 жылдың 23 мамырда;

9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2025 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығында өткізіледі.

11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамыр-16 маусым аралығында өткізіледі.

9 (10) сынып оқушыларына емтихан өткізу күндері:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)– 2024 жылғы 29 мамырда;

2 қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе))– 2025 жылғы 2 маусымда;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) 2025 жылғы 5маусымда;

Сканировано с CamScanner

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2025 жылғы 10 маусымда.

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамырда;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы4 маусымда;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін ектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 9 маусымда;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусымда;

5) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусымда.

Сканировано с CamScanner